

## Фосфорлық кіші саланың ұйымдары басшыларының қызметі бойынша жекелеген мәселелер

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1999 жылғы 1 ақпан N 9-ө

Жамбыл облысы фосфор ұйымдарының өзара қарым-қатынастарын реттеу  
м а қ с а т ы н д а :

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті Жамбыл облысының әкімімен бірлесіп, құқық қорғау органдарының қатысуымен комиссия құрып, оған "Промтранс", "Нодфос", "Қаратай" және "Суперфосфат зауыты" акционерлік қоғамдарының басшылары қызметінің заңға сәйкестігі мен негізділігі туралы мәселені қарау тапсырысын.

2. Әділет министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментімен бірлесе отырып жоғарыда аталған акционерлік қоғамдардың еңбек ұжымдарының инвестициялық жекешелендіру купондарына айырбасталуға тиісті акциялар пакетінің 25 процентін иеленуінің, сондай-ақ О.Ахметжановтың және

Т. Шәменның "Промтранс" акционерлік қоғамы акциялар пакетінің 55 процентін иеленуінің негізділігі мен заңға сәйкестігі бойынша тексеру жүргізсін.

3. Тексеру қорытындылары бойынша ұсыныстары бар ақпаратты 1999 жылдың 1 ақпанына дейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

Премьер-Министр

Оқығандар:  
Қобдалиева Н.  
Икебаева А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК